

С.Ж.Асфендияров атындағы
Қазақ Ұлттық Медицина Университеті



Казахский Национальный Медицинский
Университет имени С.Ж.Асфендиярова

Коммуникативтік дағдылар кафедрасы
СӨЖ

Тақырыбы:

Суррогатты ана болудың этикалық мәселелері. ЭКО- ұрықтандыру

Дайындаған: Әбдімәлікова Д.Ә.
Тобы: ЖМ15-002-2
Қабылдаған: Қашағанова Г.Т.

Алматы 2017

Жоспары:

- Кіріспе:

- Негізгі бөлім:

I. Суррогаттылықтың тарихы

II.Суррогат ана болу шарты

III. Қолдан ұрықтандыру түрлері

- Қорытынды.

- Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе



Қол ұстасып шаңырақ құрған ерлі-зайыптылардың басты тілектерінің бірі- сәби сүю. Алайда не әйелінің, не ерінің бедеулігінен балалы бола алмаған көптеген отбасылар туған-туыстарынан, балалар асырап алады немесе «Құрсақ ана» жалдап, суррогаттық тәсілмен бала көтеру үшін арнайы медициналық көмекке жүгінеді.

Суррогаттық тәсіл деп әйелдің жұмыртқасы мен күйеуінің ұрығын медициналық арайы түтікшеде қолдан ұрықтандырғаннан кейін оны басқа бір әйелдің жатырына орналастыруды айтады. Медицинада оның екінші атауы - экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭКО-ұрықтандыру).



Суррогаттылықтың тарихы

Аталған жүйенің нәтижесі алғаш рет Англияда жүзеге асқан. Яғни, 1987 жылы осындай жолмен дүниеге Луиза Браун есімді сәби келіпті. Ал Кеңес Одағындағы алғашқы бала 1986 жылы Мәскеуде өмірге келсе, біздің елімізде 1996 жылы «Экомед» медициналық орталығында дүние есігін ашқан. Көршілес Ресей, Украина, Белорусия елдерінде де бұл жүйенің қолданысқа енгізілгеніне біраз уақыт болған. Қазіргі таңда әлемде құтыдағы ұрық арқылы жылына екі миллионнан астам сәби өмірге келеді екен.

Суррогатты ана болу шарты

- ✓ Біріншіден, суррогат ана болуды қалайтын әйел жиырмадан отыз бес жас аралығында болуы, медициналық ұйымның қорытындысымен расталған қанағаттанарлық дене, психикалық және репродукциялық денсаулыққа ие болуы тиіс, сонымен қатар өзінің дені сау баласы болуы тиіс.
- ✓ Екіншіден, егер суррогат ана тіркелген некеде (ерлі-зайыптылық) тұрған жағдайда, суррогат ана шартын жасағанда ерінің жазбаша келісімін беруі тиіс, ол нотариалдық тәртіпте расталуы тиіс.
- ✓ Үшіншіден, қосымша репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйым олардың қолданылуы туралы балалы болуды қалайтын тұлғалар немесе донорлық банк үшін қолданылған биоматериалдар туралы толық және жан-жақты ақпарат бар қорытынды шығаруға міндетті.
Қорытындының бір данасы суррогат ананын нотариалдық расталған шартына тіркеледі және келісім жасалған орында сақталады.

- ✓ Кодекстің 59-бабына сәйкес, суррогат ана шарты негізінде қосымша репродукциялық әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде туылған баланың ата-анасы болып ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) танылады. Басқа сөзбен айтқанда, баланың генетикалық анасы туылғаннан кейін бірден сәбидің анасы болып ресми жазылады және сол сәттен бастап суррогат ананың бұл балаға ешқандай қатысы болмайды.
- ✓ Генетикалық ата-аналар суррогат ананың медициналық бақылау, қосымша репродукциялық әдістер мен технологиялардан өтуімен байланысты материалдық шығындарды өтеуге; жүктілік кезеңінде, босану және босанған кейін елу күн ішінде, ал жүктілік және босанумен байланысты асқынулар болған жағдайда - босанғаннан кейін жетпіс күн бойы медициналық қызметтерді төлеуге міндетті. Суррогат ана үнемі дәрігерге қаралып, оның нұсқаулықтары мен тағайындауларын қатаң орындауы тиіс; «тапсырыс берушілерге» жүктілік ағымы туралы үнемі ақпараттандыруы тиіс, ал ең бастысы - суррогат ана бағдарламасы бойынша оның туған баласын «тапсырыс берушілерге» беруі тиіс.
- ✓ Суррогат ана мен сәйкес медициналық процедураларды іріктеу бойынша қызметтерді Қазақстанда ЭКО орталықтар мен мамандандырылған суррогат ана орталықтары жүргізеді (Суррогат ана агенттігі, «Болашақ» суррогат ана орталығы).

Қоладан ұрықтандырудың 2 тәсілі бар



Іштей

Сырттай

Суррогатты ана болудың теріс жақтары:

Ең алдымен мұсылман халқына қолдан ұрықтандырудың барлық түрі шарифат бойынша харам болып табылады. Ал адами тұрғыдан қарайтын болсақ, әйел адамның суррогат ана боламын деп келіскен күннің өзінде, баланы көтеріп жүрген шақта оның аналық махаббаты оянады, 9 ай құрсағында көтеріп, босанып, кейін ол баланы келісімшарт бойынша заңды деп саналатын әкешесіне табыстау моральдық-психологиялық тұрғыдан өте ауыр іс. Екіншіден, бұл ірі бизнес көзіне айналып барады. Біреулер суррогат анаға жүгіну бала көрудің соңғы мүмкіндігі деп қараса, енді біреулер үшін жақсы қаржы табудың тиімді көзі болып отыр. Қазір тіпті сәби көре алмай жатқан отбасылар ғана емес, тұла бойын бұзғысы келмейтін әйелдер де бой ұра бастаған. Бұл қызмет түріне жүгінгенше, неге балалар үйіндегі жетім балаларға ата-аналық махаббатын сыйламасқа деген пікірді ұстанатындар да баршылық.

Суррогат ана болудың тиімді жақтары:

Әбден үмітін үзген отбасыларға жалғыз үміт көзі болып отыр.

Статистикаға бойынша біздің елде жылына 150-160 мың неке қиылады екен, оның 16% ата-ана болу бақытына бөленбейді. Оның ішінде 70% жұптарға емделудің түрлі әдістері көмектесетін болса, қалған 30% жұпқа тек қосымша репродуктивтік әдістер арқылы ғана бала сыйлауға болады. Бұл елімізде бедеулікке шалдыққандардың күрт артқандығын байқатады. Отбасын құрған жұптардың ажырасуының бірден бір себебі – баланың болмауы. Бала – отбасын біріктіруші, сондықтан әрбір отбасы балалы болуға талпынады. Бұл тек бір ғана отбасының проблемасы емес, сонымен қатар бар халықтың мәселесі, себебі ғалымдардың айтуы бойынша осы проблема салдарынан Қазақстан 2050 жылға қарай қартаю қарқыны жеделдеген мемлекеттер қатарынан көрінуі мүмкін.

Қорытынды:

Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар. Менің пікірім бойынша, суррогаттық ана біздің елге өте қажет және оны одан әрі дамытып түсу керек сияқты. Заман өзгеріп, ғылым дамып, медицина өсіп жатқан дәуірде бұл қалыпты құбылыс деп ойлаймын. Бұл бақыт тек бір жанұя үшін емес, мемлекет үшін маңызды, себебі мемлекетіміздің алдында тұрған мақсаттарының бірі – халық санын көтеру екені бәріне белгілі. Суррогаттық ана – аса ізгі қызмет. Баласыз отбасын нәресте сүйгізіп, ата-аналық сезімді өткеруге көмектесетін, екінш жағынан, суррогаттық ананың бақытты болуына қатысы барлығын сезіндіретін игі іс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- ▶ «Неке және отбасы туралы» 2011 жылғы желтоқсандағы №518-IV Кодексі
- ▶ «Ана тілі» газеті, 19-қаңтар, 2011 жыл
- ▶ www.adyrna.kz
- ▶ www.zan.zanmedia.kz